ТАҒЗЫМ

Кемел Тоқаев атындағы зал ашылды

Ұлттық академиялық кітапханада Екінші дүниежүзілік соғыс басталуының 80 жылдығына арналған «Лесная песня» тақырыбындағы халықаралық кітап көрмесі мен Кемел Тоқаев атындағы шығармашылық залы таныстырылды.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

«Лесная песня» атты кітап-иллюстрациялық көрмесіндегі материалдар Беларусь Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Беларусь Ұлттық мұрағаттарының қорларынан алынған. Сондай-ақ «Орман әндері» жазылған баннерлер мен Беларусь партизандарының қозғалысы және ұйымдасқан қарулы күрестің мақсаттары туралы нақты мәліметтер көрсетілді. Қолжазба журналдары, әскери операциялардың карталары мен сызбалары, партизан мектептеріндегі балалардың қолынан шыққан ерекше жұмыстары да қойылды.

Қазақстандық майдангер-жазушы, ақын, журналистердің саны тоқсаннан асады. Мәселен, Б.Момышұлы, Д.Снегин, Д.Әбілев, Ж.Саин, К.Тоқаев, Қ.Әбдіқадыров, В.Чугунов, М.Абдуллин, Қ.Аманжолов, А.Жұмағалиев, Б.Бұлқышев, Ж.Молдағалиев, С.Мәуленов, М.Ғабдуллин, П.Кузнецов, И.Адамбеков, А.Исмамбетов, Х.Ерғалиев, Ә.Шәріпов, Қ.Қайсенов және басқалары бар.

Соғыс тақырыбына өлшеусіз үлес қосқан қазақстандық авторлардың арасында Кемел Тоқаев шығармаларының орны ерекше. Жазушы Ұлы Отан соғысының ардагері, I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерінің иегері, Сталинград, Украина, Беларусь және Польшада өткен шайқастарға қатысқан. Көптеген әскери оқиғаның тікелей қатысушысы ретінде кейіпкерлердің болмысын, сезімдерін дәл әрі шебер суреттей алды.

Осыған орай Ұлттық академиялық кітапханада қазақ детектив жанрының көрнекті өкілі Кемел Тоқаев атындағы шығармашылық залы ашылды. Мұндағы мақсат – жастарды адалдыққа, ерлікке, отансүйгіштікке баулу, майдангерлерге құрмет көрсетуге, детективтік жанрдағы шығармаларды оқуға оқырмандардың қызығушылығын ояту. Өз уақытында кітаптары жүз мың данамен оқырманға жол тартқан қаламгердің рухани мұрасы кейінгі ұрпақ бойындағы патриоттық сезімін оятуға өз септігін тигізері сөзсіз.

Залда Кемел Тоқаевтың кітаптары, әлемдік және қазақстандық детектив жанрындағы үздік туындылар, Ұлы Отан соғысы туралы жазылған шығармалар, сол кезеңдегі жарияланған мақалалар, хаттар, мерзімді басылымдар, аудио-бейнематериалдар, соғыс тақырыбындағы экспонаттар ұсынылған.

> “ ӨЗ УАҚЫТЫНДА КІТАПТАРЫ ЖҮЗ МЫҢ ДАНАМЕН ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТҚАН ҚАЛАМГЕРДІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ КЕЙІНГІ ҰРПАҚ БОЙЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ОЯТУҒА ӨЗ СЕПТІГІН ТИГІЗЕРІ СӨЗСІЗ.

Айта кетейік, Ұлттық академиялық кітапхана еліміздің белгілі ақын-жазушылары мен қоғам қайраткерлері атындағы оқу залдарының болуымен ерекшеленеді. Атап айтсақ, «Абай» академиялық оқу залы, «Құнды тарту» залы, жазушы Әбіш Кекілбаев оқу залы, «Мырзатай Жолдасбековтің мемориалдық кітап коллекциясы» оқу залы, Дүкенбай Досжан атындағы «Жазушы» залы, академик Кеңес Нұрпейісұлының «Ғылым» залы, «Әкім Тарази» оқу залы, Тұрсынбек Кәкішев атындағы «Ғалым» оқу залы, түрколог ғалымдар Бейсенбай Кенжебаев пен Немат Келімбетов атындағы «Түркология» оқу залы, жазушы Қажығали Мұқамбетқалиұлының оқу залы, қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанұлының жеке кітапханасынан «Рухани жаңғыру» залы, Балалар кітапханасының оқу залы. Одан басқа Зәки Ахметов, Хамит Ерғалиев, Халифа Алтай, Хасен Оралтайдың жеке кітапханалары оқырман сұранысына ие.

Кездесу ТМД елдері елшіліктерінің, мемлекеттік органдар, шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен онлайн форматта өтті.

Іс-шараны Ұлттық академиялық кітапхана, Беларусь Республикасының елшілігімен және Беларусь Республикасының Ұлттық кітапханасымен бірлесіп ұйымдастырды.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Абайдың жұмбағы» – электронды нұсқада

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Рамазан Тоқтаровтың кітаптарын енді электронды нұсқада оқуға болады. С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап кітапханасы қаламгердің 11 кітабын цифрландырып, аймақтың E-KITAP.KZ онлайн кітапханасына орналастырды. Жазушының еңбектері оқырман қауымға бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Естеріңізде болса, осы жылдың сәуірінде «Egemen Qazaqstan» газетінде «Жоқтаушысы жоқ жазушы» және «Рамзайдың «жұмбағы» атты екі мақала жарық көрген еді. Онда біз қаламгердің ескерусіз қалғанына қынжылыс білдіріп, шығармашылығын насихаттауға қатысты бірқатар ұсыныс айтқанбыз. Бұл ұсыныстардың барлығы Павлодар облысының басшылығына арнайы жолданды. Жазушының кітаптарын электронды нұсқаға көшіру бастамасы сол мақалада қамтылған болатын.

Облыстық кітапхананың Өлкетану және цифрлы технологиялар бөлімінің басшысы Марал Тәженованың айтуынша, кітаптарды цифрландыру үшін жазушы ұрпақтарының ресми рұқсаты қажет екен. Тиісінше, тараптар арасында арнайы келісімшарт жасалуы тиіс.

– Осы жылдың мамыр айында Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар облыстық филиалының директоры Жарқынбек Амантай Алматыға арнайы барып, Рамазан Тоқтаровтың ұрпақтарымен кездесті. Сол жолы жазушының кітаптарын цифрландыру туралы келісімшарт жасалды. Біз соның негізінде қаламгердің қазақ тіліндегі 9 кітабын және орыс тілінде жарық көрген екі туындысын электронды форматқа көшірдік. Атап айтқанда, қазір жерлесіміздің «Жердің үлгісі», «Абайдың жұмбағы», «Бақытты құлдықтың ақыры», «Ғасыр наны», екі кітаптан тұратын «Ертіс мұхитқа құяды», «Таңбалы жарғақтың құпиясы», «Тұлпардың сыны», «Ертіс перзенті», «Степные корни», «Иртыш впадает в океан» секілді еңбектері оқырман қауымға электронды нұсқада қолжетімді. Алдағы уақытта жазушының басқа да кітаптарын цифрландыруға әзірміз, – дейді Марал Тәженова.

Жоғарыда аталған кітаптарды E-KITAP.KZ онлайн кітапханасынан оқуға мүмкіндік бар. Сондай-ақ өңірдің «QR кітапханасы» арқылы жүктеп алу жағы да қарастырылған.

Бұл ретте Р.Тоқтаровтың оқырман қауым жоғары бағалаған «Сусамыр», «Терістік шұғыласы», «Бітеу жара», орыс тілінде жарық көрген «Хлеб века», «Тайна меченой замши», «Мужская дружба» секілді кітаптары да электронды нұсқаға көшірілуі қажет деп білеміз.

Р.Тоқтаровка қатысты жағымды жаңалық мұнымен шектелмейді. Павлодардың облыстық кітапханасы тағы бір жобаны ойдағыдай жүзеге асырды. Дәлірек айтсақ, кітапхананың ішінен «Рамазан Тоқтаровтың жеке кітапханасы» ашылды.

Мұнда қаламгердің Алматыдағы шаңырағынан арнайы әкелінген кітаптар қойылған. Оның басым бөлігін белгілі ақын-жазушылардың, көрнекті қоғам қайраткерлерінің әр жылдары Р.Тоқтаровқа қолтаңба қойып, сыйға тартқан кітаптары құрайды.

Мәселен, әйгілі Әзілхан Нұршайыков 1970 жылы шыққан «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабына «Қымбатты бауырым Рамазанға, ағалық көңілмен. 23.11.1970 ж. Алматы» деп қолтаңба жазып, сыйға тартыпты. Сол секілді Софы Сматаев, Зейнолла Серікқалиев, Әкім Тарази, Бейбіт Сапаралы, Жайсаңбек Молдағалиев, Бекмұрат Уахатов сынды әдебиет өкілдерінің ақжарма тілегі жазылған кітаптар бар. Бұдан бөлек Рамазан Тоқтаровтың жеке кітапханасына ұзақ жылдар бойы сәуле шашып келген Мұхтар Әуезовтің, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбайұлының, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Сәкен Сейфуллиннің, Бердібек Соқпақбаевтың, Ғабиден Мұстафиннің, Сәбит Мұқанов пен Мұқан Иманжановтың кітаптары Алматыдан арнайы әкелініп, сөреге қойылған.

– Биыл Қазақстан Жазушылар одағының Павлодар облыстық филиалы мен С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап кітапхана бірлесіп, Рамазан Тоқтаровтың шығармашылық мұраларын іздестіру, жинастыру жұмыстарын қолға алды. Осы орайда облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен Алматы қаласындағы жазушының шаңырағына арнайы іссапармен барып келдік. Бізді қаламгердің қызы Бақыт Рамазанқызы қарсы алып, әкесінің жеке кітапханасымен таныстырды. Үлкен бір тарихи, әдеби музейге кіргендей әсерге бөлендік. Сыр бүгіп жатқан кітаптар, қаттаулы тұрған қолжазбалар, түрлі фотосуреттер ерекше сезімге бөлейді. Қайтарда ұрпақтары қаламгердің жеке кітапханасынан 50 шақты кітапты қолымызға ұстатты. Оның бәрін облыстық кітапханадан ашылған Р.Тоқтаровтың жеке кітапханасына орналастырдық, – дейді Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар облыстық филиалының директоры Жарқынбек Амантайұлы.

Оның айтуынша, бұл Р.Тоқтаровтың шығармашылығын насихаттауға бағытталған жұмыстардың бастамасы ғана. Алдағы уақытта әдеби шаралар, форумдар мен конференциялар ұйымдастырылмақ. Қаламгердің еңбектерін зерттеу, насихаттау жұмысы да жаңа арнаға түседі деген сенім бар.

Айтпақшы, жазушының ұрпағы Бақыт Рамазанқызы әкесінің Керекудегі жеке кітапханасына шаңырағында сақталған тағы біршама кітапты сыйлауға әзір екенін жеткізді.

ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Баспа ісі бәсекені талап етеді

Еске салсақ, 2004 жылдан бері ТМД мемлекеттерінің баспалары арасында жыл сайын өткізіліп келе жатқан «Искусство книги» атты халықаралық байқау бар. Кейінгі жылдары бұл бәйгенің аты шығып, абыройы артып, салмағы еселене түскен. Былтырғы жыл қорытындысында да қазақстандық баспалар ұсынған кітаптар жоғары нәтиже көрсетіп, әр аталым бойынша жүлделі орындар иеленген еді.

Маржан ӘБІШ,
«Egemen Qazaqstan»

Биыл XVIII мәрте өткізілген «Искусство книги» байқауына Қазақстан Республикасы тәрағалық етті. Ұйымдастыру және қатысушы мемлекеттер ұсынған кітаптарды жинақтау жұмыстарын Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы атқарды. Жуырда халықаралық жобаның қорытынды жиналысы онлайн форматта өтті.

Қорытынды жиналыстың алғашқы күніндегі отырысқа байқау тәрағасы, Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов қатысып, ұсынылған кітаптардың сапасы да айтарлықтай өскенін атап өтті. «Бұл байқаудың басты мақсаты – ТМД мемлекеттері арасындағы баспа ісі саласы бойынша әрі жалпы руханият бойынша өзара ынтымақтастық қарым-қатынасты тереңдету, дамыту және жаңа жобаларды бірігіп жүзеге асыру, қолдау көрсету, тәжірибе алмасу», деді ол.

Бірінші күннің жоспары бойынша алты мемлекеттен ұсынылған кітаптарды таныстыру және талдау жұмыстары жүргізіліп, пікірталас үш сағатқа созылған. Қазылар алқасы ұсынылған кітаптардың халықаралық ынтымақтастық, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы, кітаптың безендірілуі сияқты бағыттардағы басымдықтарын, ерекшеліктерін, ізденіс нәтижелерін бағалады. Негізгі басымдық ұсынылған еңбектерді номинация талаптарына сай екенін анықтауға, жаңа тақырыптардың ұсынылуына бағытталды. Байқау шартына сәйкес ұсынылған кітаптар 10 номинация бойынша («Содружество», «Моя страна», «Диалог культур», «Книга для детей и юношества», «Наука и образование», «Арт-книга», «Искусство иллюстрации», «Отпечатано в содружестве», «Победа», «Гран-при») сынға түседі.

Айта кетейік, қорытынды отырысқа Армения Республикасынан Ұлттық кітапхананың Халықаралық жобалар координаторы Маргарэт Асланян, Беларусь Республикасынан Ақпарат министрлігінің Баспа ісі және полиграфия ісі басқармасының басшысы Владимир Андриев, Қазақстан Республикасынан Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов және «Балалар әдебиеті» баспасының директоры Шайзада Байкенова, Қырғыз Республикасынан Мемлекеттік кітап палатасының директоры Койчымбек Момункулов, Ресей Федерациясынан Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық ақпарат құралдары министрлігінің БАҚ-тағы саясат басқармасының басшысы Александр Воропаев қатысты.

«Искусство книги» байқауына Қазақстан Республикасының тәрағалық етуі – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында жауапкершілігі жоғары жұмыс болды. Ауқымды іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын айтқан Ресей Федерациясынан Цифрлық даму, байланыс және бұқаралық ақпарат құралдары министрлігінің БАҚ-тағы мемлекеттік саясат басқармасының басшысы Александр Воропаев елдер арасындағы мәдени байланыстарға тоқталды.

«Біз «Искусство книги» байқауын жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу арқылы ТМД мемлекеттері арасындағы рухани байланысты, мәдени қарым-қатынастарды нығайтып келеміз. Осы бағыттан алып қарасақ, бұл байқаудың тәжірибе алмасу алаңына айналып, халықаралық ауқымда маңызды рөл атқарып отырғанын байқаймыз. Қазақстан Республикасы биылғы байқауды қашықтан ұйымдастыра отырып, өте жоғары деңгейде алып шыққанын айта кетуіміз керек. Байланыс сапасы да, байқауды ұйымдастыру және оған жергілікті мамандарды шақыру, тәрағаның әрдайым тікелей байланыста болуы – іс-шараның маңызын арттыратын қадамдар», деді ол.

Ал Қырғыз Республикасының Мемлекеттік кітап палатасының директоры Койчымбек Момункулов: «Қазақстан Республикасының баспа ісі саласы жыл санап қарқынды дамып келе жатқанын осы байқау төңірегінде көріп отырмыз. Елдің тарихын, мәдениетін, әдебиетін, салт-дәстүрін насихаттайтын ірі шығармалар басылып жатыр. Біз де биыл осы халықаралық конкурсқа қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының қырғыз тіліндегі нұсқасын ұсынып отырмыз. Әдебиет пен өнерде шекара жоқ, біз бауырлас халықтардың мәдениетіне, діні мен тіліне, салт-дәстүріне әрдайым құрметпен қараймыз», деп атап өтті.

Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов жиналысты қорытындылай келе, екі күн бойы онлайн байланысқа шыққан әрбір қатысушыға алғыс білдірді. «Биыл екінші мәрте әлемдегі эпидахуал салдарынан халықаралық байқауды онлайн форматта өткізіп отырмыз. Дегенмен қысылтаяң уақыт болса да, біз халықаралық қарым-қатынастарды нығайтуды, баспа ісі саласындағы тәжірибе алмасу мәселелерін өзіне жүктейтін «Искусство книги» байқауы өз деңгейінде өтті деген ойдамыз», деді ол.

Байқаудың қазылар алқасы Мәскеу халықаралық кітап көрмесі аясында байқау жеңімпаздарын салтанатты түрде марапаттау шарасын (онлайн өтуі мүмкін) талқылап, егер дәстүрлі форматта өткен жағдайда басқосуға уағдаласты.